

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артемьева О.А., Вапнярская О.И., Платонова Н.А. Зарубежный и российский опыт создания туристских продуктов, основанных на искусственной аттракции: методические особенности // Современные проблемы сервисы и туризма. 2010. №1.
2. Артемьева О.А. Концептуальные туристские ресурсы как основы формирования искусственной аттракции // Сборник статей круглого стола «Общество, туризм, сервис: опыт, проблемы и перспективы развития», 28 қыркүйек 2009ж., ФГОУ ВПО «РГУТиС», -М., 2010, 4 (99-105 бет)
3. Артемьева О.А. Социальная оценка организационной культуры туристического обслуживания населения // Вестник МГУКИ, 2007, №4, 0,3 п.л. (211 бет)
4. Ю.Биржаков М.Б. Экономическая безопасность туристской отрасли: Общие положения безопасности туризма; Экономические последствия кризисных ситуаций; Безопасность аттракций и др.// CD. М.: Герда Невский фонд. 2007
5. Мұңалбаева, Ү. Д. Мұражай педагогикасы: тарихы, теориясы, тәжірибесі: оқу құралы / Үмітхан Дәуренбекқызы Мұңалбаева.- Алматы: 2013- 8-9 б.
6. Химическая энциклопедия / Редкол.: Кнунянц И.Л. и др.. — М.: Советская энциклопедия, 1992. — Т. 3. — С. 635— 639 с.

УДК 338.484.6

ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖАҒДАЙЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ФЕНОМЕНІНІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

Отарбай Айдана Ғалымжанқызы

aydokka.com@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ


«Экономика» факультеті «Туризм» мамандығының магистранты

Ғылыми жетекші – С.Сұрағанова

Медициналық туризм өзіне медициналық көмек пен демалысты үйлестіретін тұжырымдама болып сналады. Қазіргі жаһандық экономикада, бұл тұжырымдама жаңа емес, алайда көбісі үшін өсіп келе жатқан беталыс. Медициналық туризмге қатысатын халықаралық пациенттердің басты мақсаты – дүниежүзі бойынша емдеу шараларының бағасы қол жетімді болатын халықаралық деңгейде аккредитацияланған ауруханаларда ең сапалы медициналық көмекті алуға мүмкіндіктің болуы. Ауруханалық мекемелер, үздік медициналық қызметтер, сертификатталған кәсіби дәрігерлер және орынды бағалар бойынша медициналық шаралар медициналық туризмнің негізгі факторларының бірі болып табылады. Өртүрлі дамушы елдерде, әсіресе Америка Құрама Штаттарында, денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығындардың үздіксіз арту салдарынан, күннен күнге ыңғайлы емделу орындарын іздеуші адамдар шет елдерге саяхаттауға бейім болуда [1].

Медициналық туризм өз алдына ішкі және халықаралық туристік қызметтер нарығының құрамдас бірлігін білдіріп, оның елеулі және ажыратылмас бөлігі болып табылады. Тар мағынада медициналық туризм жайында дәстүрлі түрде кез-келген аймаққа немесе елге емделу, оңалу және демалу мақсатында емделушілердің миграциясы ұғынылады. Сонымен бірге, сауығу және ем қабылдау уақыты бір жыл көлемінде шектеледі.

Кең мағынада бұл терминді тек медициналық мекемелерді ғана емес, сонымен қатар, бизнестің әртүрлі салаларын: сақтандыру, банктік қызмет, заңгерлік көмек, көлік және байланысты қамтитын дамыған инфрақұрылымы бар нарықтардың бірыңғай жүйесіне байланысқан медициналық индустрия және қонақжайлылық саласы ретінде анықтауға болады (сурет 1) [2].



Сурет 1. Медициналық туризм индустриясының мазмұны
Ескерту – Мәліметтер [2] негізінде автормен құрылған

Экономиканың бір саласы ретінде денсаулық сақтаудың жаһандану жағдайында көптеген елдер медициналық туризмге қаржы салуда. Олар әлемнің үздік мектептерінде жоғары білікті мамандар даярлап, соңғы үлгіге сай жаңа технологиялармен жабдықталған жайлы клиникалар салуда. Әдеттегідей, олар – туризм индустриясы жоғары дәрежеде дамыған елдер: Оңтүстік Корея, Түркия, Үндістан, Сингапур, Таиланд, Латын Америка мемлекеттері. Осындай саясат емделушілерге, яғни осы елдердің қонақтарына тек медициналық қызмет көрсетумен ұсынылған барлық мүмкіндіктерді қолдана отырып, өзінің денсаулығына қатысты мәселелерді ғана шешіп қоймай, сонымен қатар, жергілікті көрікті жерлермен танысуға және тағы басқа іс-әрекеттерге жағдай туғызады.

Осындай туризм түрінің негізгі саяхатшылары – медициналық қызмет жоғары дәрежеде ұсынылатын экономикасы дамыған елдердің тұрғындары. Мәселе – бұл қызметтер халықтың көп бөлігіне тым қымбат болуында. Осы елдер қатарының көшбасшылары – АҚШ, Ұлыбритания және Канада. Алайда, қарама-қарсы беталыс та қарқынды дамуда – медицинасы төмен даму деңгейдегі дамушы елдерден, мысалы Өзбекістан, Қырғызстан және ТМД-ның басқа елдерінен келетін емделушілер ағыны өсуде. Олар үшін шет елге емделу мақсатындағы сапар нақты диагноз қоюға және сауығып кетуге соңғы мүмкіндік болуымен анықталады.

Медициналық туризмге деген сұраныс үлкен мөлшерде артып келе жатқандығы байқалуда. Өткен зерттеулер бойынша шетелдегі денсаулық сақтау қызметіне жүгінетін емделушілерді не ынталандырады деген қорытындыға әкелді. Смит және Форджион (2008) айтуы бойынша, "Өнім" мен "Баға" халықаралық медициналық мекемені таңдаудағы ең бірінші кезекте әсер ететін фактор болып табылады. Осы арада, McKinsey & Company (2008) зерттеулері шет елге медициналық көмек үшін жүгінетін медициналық саяхаттаушыларға түрткі болатын басты фактор «өнім» екендігін көрсетеді. Басқа жағынан қарағанда, Deloitte Development LLC (2008) зерттеулері бойынша бәрінен бұрын медициналық туристер өзінің медициналық қажеттіліктерін қанағаттандырады, себебі барлық әлем бойынша басқа дамушы медициналық туристік бағыттардың емделуге «бағасы» арзан болуы мүмкін [3].


Туризмнің көптеген медициналық өнімдері климаттық жағдайлармен байланысты болып келеді. Сондықтан, медициналық туризм үшін негізгі басымырақ факторлар өзіне географиялық орналасу, табиғи ресурстар және климаттық жағдайлардың мінсіз үйлесімін

қосатын факторлар болып табылады. Осы негізгі факторлармен қоса, медициналық туризм дамуына ықпалын тигізген алдыңғы қатарлы факторлар да бар. Оларға, адамдармен жасалынған, жеке меншік ауруханалар мен клиникаларда басым болатын туризмнің медициналық қызметін ұсынатын инвестициялар жатады. Басқа заманауи факторлар дүниежүзілік деңгейде туризмнің медициналық өнімі маркетингісі мен байланысы үшін ғаламтор жүйесінің ресурстарын қолдануды көздейді.

Сапалы емдеуді талап ететін елдер қатарына Германия, Израиль, Австрия және Швейцария жатады. Оларға туристік индустриясы жоғары деңгейде дамыған елдер – Үндістан, Түркия, Сингапур, Таиланд және басқа да мемлекеттер өкшелеп келіп қалған. Төмен табыс көзінен немесе сақтандыруы жоқтығынан АҚШ-нда ем ала алмағандықтан, пациенттер Мексика, Коста-Рика және тағы басқа елдерге кетуде. Сапа тұрғысынан туризмнің медициналық қызметтері дамыған елдер мен дамушы елдердің арасында айтарлық айырмашылықтар жоқ.

Дәрігерлер және олардың штаты Батыс елдерінде білім алып, сол жердің ауруханаларында жұмыс істеп, кейін өздерінің шығу тегі елдеріне (шығыс немесе дамушы мемлекеттерге) қайта оралулары жиі кездеседі. Сонымен қатар, жеке меншік ауруханалар шет елдік білімі бар дәрігерлерді жалдауы, оған қоса, тиімді жұмыс жағдайлары ауруханаларды жақсы маманданған кадрлармен жасақтауға септігін тигізді. Сондықтан, осындай денсаулық сақтау қызметтерінің сапасы баламалы және дамыған елдер ауруханаларының қызметтерінен анағұрлым жоғары.

Медициналық туризм бойынша дүниежүзілік конгрессте (Global Wellness Tourism Congress – GWTC) жария етілген мәліметтер бойынша, медициналық туризм нарығы жоғары өсу қарқының көрсетуде. 2004 жылдағы \$40 млрд АҚШ долларынан туризмнің осы бағыты бойынша 2012 жылы табыс көлемі \$0,5 триллион АҚШ долларына дейін өсіп, бүкіл туризм бойынша табыс көлемінің (\$3,2 триллион АҚШ доллары) 14% құраған. 2012 жылы туризмге дүниежүзілік ЖІӨ-нің 1,8% тиесілі болды. Алдыңғы бес жыл ішінде жалпы туризм саласына қарағанда, туризмнің бұл секторы орта есеппен жыл сайын 9,9% өсіп отырып, 2017 жылға қарай \$678,5 млрд АҚШ долларын немесе туризмнің жалпы табыс көлемінің 16% құрайды (сурет 2) [4].



Сурет 2 - Дүниежүзілік медициналық туризм нарығының өсу қарқыны
Ескерту – Мәліметтер [4] негізінде автормен анықталған

Медициналық туризмді өндірістік емес саладағы жаһанданудың бір танылу түрі ретінде қарастырған жөн. Медициналық қызмет көрсетудің жоғары бағасын, күту уақытының ұзақтылығын және дамыған мемлекеттерде жаңа емдеу әдістеріне қол жетімділіктің қиын болуын ескере, көптеген медициналық туристер (негізінде АҚШ, Канада және Батыс Еуропадағы ауқатты емес топтар) Азия және Латын Америкасы елдерінде ұсынылатын сауықтыру қызметтеріне жүгінеді. Туристік-сауықтыру қызметтерін сату нәтижесінде мемлекеттер денсаулық үшін потенциалдық зардаптар мен масштабтарды жақсырақ бағалай алуы үшін медициналық туризм зерттеулері мен деректерді жинау қызметтері әлдеқайда жетілдірілуі қажет.

Қазіргі таңда, дүниежүзілік медициналық туризм орталықтары Азия-Тынықмұхит аймақтарына қарай жылжуда. Global Spa & Wellness Summit (GSWS) мәліметтері бойынша 2017 жылға таяу медициналық туризм нарығының 50% Азия, Латын Америка және Таяу Шығыс елдеріне тиесілі болады. Соңғы жылдары Солтүстік-Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне медициналық мақсаттарда сапар шегуші туристер ағыны елеулі түрде артқан [5].

Deloitte Development LLC (2008) ғылыми зерттеулерінің есептерінен, шамамен 750 мың американдықтар медициналық себептер бойынша шет елдерге шыққан. Халықаралық медициналық саяхат журналындағы (2011) мақалада, жыл сайын Оманнан 5 мың медициналық туристер көп жағдайда Үндістан мен Ұлыбританияға медициналық ем алу үшін саяхаттайды деген мәліметтер келтірілген. БАӘ жылына \$2 млрд АҚШ долларына шығындалған 8500 медициналық туристерді негізінен АҚШ, Германия, Таиланд және Сингапурға жіберген. Медициналық туристер ойынша, ең аз күту мерзімінде және ең төменгі бағада олар өзінің үйлеріндегі еммен бірдей, тіпті кей кезде одан да жоғары сапада ем алуларына барлық жағдай жасалған [6].

Көптеген медициналық емделушілер алыс шет елдегі мемлекеттерге медициналық процедуралар үшін, мысалы жүрекке ота жасату, бет әлпетті тегістеу немесе тері алмастыру, офтальмологиялық көмек, косметикалық стоматология және жақ пен бет-әлпет хирургиясы, ағзалар мен талшықтар трансплантациясы, жыныс алмастыру бойынша хирургия, сонымен қатар жасанды ұрықтандыру бойынша көмектерге жүгінеді. Медициналық туризмнің идеясы барлық әлем бойынша туристердің көп назарын аудару және әсер етуді құру болып табылады. Медициналық туризмнің табысы орташа мөлшерде 2015-2019 жылдар аралығында медициналық туризмнің азиялық талдауына (2012-2014) сәйкес 20% өсетіндігі жоспардануда. Осылайшы, сауықтандыру туризмінің тұжырымдамасы жаһандық, алдағы уақытта нақты түрде дамуда тұрған құбылысқа айналууда [7].

McKinsey&Company және Үндістан Конфедерациясына сай, туризмнің медициналық өндірісі мүмкін 2015 жылы шамамен \$60 млрд АҚШ долларынан 2022 жылға дейін \$170 млрд АҚШ долларға өседі [8]. Қазіргі уақытта адамдар дамыған мемлекеттер қатарында жүргізілген медициналық емдер үшін мүмкін нұсқалар ретінде медициналық туризм концепциясымен қарулануды ұйғарады. Мемлекеттерді іздестірудегі емделушілердің көп бөлігі біршама қолжетімді баға бойынша ұсынылатын медициналық көмектің сапалысын іздестіреді. Коста-Рика, Мексика, Үндістан, Сингапур, Малайзия және Таиланд сияқты мемлекеттер қымбат емес медициналық емдеу шараралды ұсынатын танымал медициналық туристік бағыттардың бірі болып табылады.

Бүкіл әлемде медициналық туризмді жылжыту мөлшері бойынша бұл түсініктің әрбір минут сайын танымалдылығы артуда, бірақ тәуекелсіз емес. Пациенттердің қауіпсіздігі мен көмек сапасы туралы қамы кейбір халықаралық медициналық емделушілердің қорқыныштарын арттырады. McKinsey & Company бойынша, медициналық туристердің көп бөлігі жоғары сапалы және тез қызмет көрсетуге ұмтылуға тырысады, бірақ төмен бағаға емес. Joint Commission International Америка Құрама Штаттарының негізі бірлестігі болып саналады. Оның міндеті – медициналық стандарттар мен ұйымдардың аккредитациясы және бағалауы негізінде медициналық көмек көрсету стандарттарын арттыру [9]. Осылайша, ең заманауи технологиялары бар аккредиттелген ауруханалар, сонымен қоса, шет елде сертификатталған дәрігерлер мен хирургтардың білім беру жүйесінің болуы, бұл туризмнің медициналық үдерісіне үлкен сенім ұялатады.

Қорыта келетін болсақ, әлем бойынша елуден астам елдердің медициналық туризм дамуын мемлекеттік саясат деңгейінде қарастыруларына көптеген факторлардың әсер ететіндігін байқауға болады. Сол себепті, бұл салада жаһандық маркетинг және менеджменттің барлық құралдары толыққанды іске қосылуда. Туризмнің осы бағытына әлемдік деңгейде әртүрлі ғылыми конференциялардың ауқымды санын өткізу қажеттілігі туындап отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сұрағанова С.Қ., Отарбай А.Ғ. Дүниежүзілік туристік қызметтер нарығындағы медициналық туризмнің даму тенденциясы // ЕҰУ Хабаршысы: экономикалық серия, №3, 2015, 96-102 б.
2. Галкин В.В. Медицинский бизнес: учеб. пособие. – М: КноРусГод, 2010. – С. 272.
3. Соколова Н.А. Туризм в Российской Федерации. Правовое регулирование. – М: Волтерс Клувер, – 2010. – С. 83.
4. Krista Wendt. Medical Tourism: Trends and Opportunities, University of Nevada: Las Vegas, – 2012. – P. 31.
5. Medical Tourism Statistics & Facts [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.patientsbeyondborders.com/medical-tourism-statistics-facts>
6. Pawan K.Chagan. Medical Tourism Under Mode II of GATS (WTO): Opportunities, Challenges and Entrepreneurial Strategies. – Delhi, 2011. – P. 30.
7. EPOS Health management Kazakhstan. Health Sector Technology Transfer and Institutional Reform Project //отчет А2, А4, А5, С7, 2014.
8. McKinsey&Company. Health Care in India: The Road Ahead. New Delhi: CII and McKinsey and Company, – 2015. – P. 35.
9. Miller, R.K., Washington, K. Medical tourism. Consumer Health care, –2009. – P. 186.

ӘОЖ 913.1/913.8(=1.2)

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сәрсенбай Самал Азаматқызы

ssarsenbaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, туризм мамандығының
3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі М.Амрина

Еліміз егемендігін алып, шет елдер елімізді беделді мемлекет ретінде танып жатқан шақта, халқымыздың өткен дәуірдегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым – қатынасын, еліміздің табиғи байлығын, кең – байтақ , ұлан-ғайыр жерімізді сипаттайтын жер-су атауларын қайтаратын уақыт жетті деп есептейміз.

СҚО елді мекендер атауы қаншалықты біздің өткен тарихымызға жауап бере алады, яғни дүниеге көзқарасымызды, тіршілік әрекетімізге, тұрмыс күй-жағдайымызға, шаруашылық кәсіптерінің көрінісіне, әдет-ғұрып , салт –сана, жөн-жобаның көрік бейнесін зерделеуге мүмкіншілік беретінін айқындауға тырыстық. Олай болса, осынау қасиетті, құдіретті жеріміз-тұтас бір шежіре, оны зерделей білейік. Оның беті құпиясы ашылмаған кітап, ғаламат сырлы сөз.

Топонимика – география, тарих және тіл білімі ғылымдарының түйіспесінде дамып келе жатқан жаңа ғылым. Ол халықтың бай тілінің негізінде жасалып, оның тарихымен байланысты дамиды. Біздің еліміздің өзінде мыңдаған географиялық атаулар бар. Бірақ өкінішке орай, олардың едәуір бөлігінің мән- мағынасы әлі ашылмай отыр. Жас өлкетанушылар топонимикалық материалдарды жинау және өңдеу жөнінде ғалымдарға зор көмек көрсете алады. Атаулар халықтың мінезін, тарихын, оның қабілетін, тұрмысының ерекшелігін білдіреді [1].

Қазақстанның солтүстік аймағының географиялық жағдайы мен мекендеген халықтың ұлттық құрамына байланысты бұл өңірде жер-су аттарының орынсыз өзгеріске түсуінің тарихы мүлде әріден басталады. Ресей отаршылдығымен бетпе-бет келген өңірдегі қазақтардың тілі мен діліне, ұлттық салт-санасына нұқсан келтіре отырып, жергілікті